

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 19 наурыздағы № 262 қаулысы

«2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды аса қауіпті инфекциялық және инвазиялық аурулардан қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Премьер-Министрі</i>	<i>С. Ахметов</i>	
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы	
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 3	ж ы л ғ ы	1 9
№	2 6 2	қ а у л ы с ы м е н
бекітілген		

Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы республикалық бюджеттен эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 009 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы

нысаналы трансферттер» республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді (бұдан әрі – ағымдағы нысаналы трансферттер) пайдалану тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

2. Ағымдағы нысаналы трансферттер 216 «Ветеринариялық іс-шаралар және тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) орталықтандырылған түрде сатып алған ветеринариялық препараттарды тасымалдауға, уақытша сақтауға және қолдануға байланысты шығыстарды ж а б у ғ а бағытталған.

3. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына с ә й к е с жүзеге асырылады.

4. Ағымдағы нысаналы трансферттер Министрлік бекітетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының алдын алу және диагностикасы жөніндегі ветеринариялық іс-шаралардың 2013 жылға арналған жоспарында (бұдан әрі – Ветеринариялық іс-шаралар жоспары) көзделген іс-шараларға бөлінеді.

2. Эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібі

5. Министрлік республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі мен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері арасында қол қойылған нысаналы ағымдағы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне нысаналы ағымдағы трансферттерді а у д а р а д ы .

6. Облыстардың ауыл шаруашылығы басқармалары аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері мен облыстың ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы арасындағы ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім, белгіленген тәртіппен бекітілген төлемдер бойынша тиісті бюджеттік бағдарламаның жеке қаржыландыру жоспары негізінде республикалық бюджеттен алынған нысаналы ағымдағы трансферттерді аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) б ю д ж е т т е р і н е аударды.

7. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі конкурстарды ұйымдастырушы болып табылады.

Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдері, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардан ветеринариялық препараттарды уақытша сақтау және ветеринариялық препараттарды қолдану жөніндегі қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырады.

8. Ветеринариялық препараттарды тасымалдау Астана, Ақтөбе және Алматы қалаларында орналасқан франко-қоймалардан жүзеге асырылады.

9. Облыстардың ауыл шаруашылығы басқармалары ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сәйкес нысаналы ағымдағы трансферттердің сомаларын пайдалану бағыттарына сәйкес аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) арасында ветеринариялық препараттарды бөлуді жүзеге асырады.

10. Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдері ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сәйкес нысаналы ағымдағы трансферттердің сомаларын пайдалану бағыттарына сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің мемлекеттік ветеринариялық ұйымдары арасында ветеринариялық препараттарды бөлуді жүзеге асырады.

11. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармаларында (бұдан әрі – басқармалар), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдерінде көрсетілген қызметтерді қабылдау жөніндегі комиссиялар (бұдан әрі – комиссиялар) құрылады.

Комиссияның жұмыс органдары басқарманың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдері (бұдан әрі – бөлім) болып табылады.

12. Ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтерді жеткізуші және мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жұмыстардың орындалуына қарай ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың үш жұмыс күні ішінде, бірақ 20 желтоқсанныан кешіктірмей, ветеринариялық іс-шаралар жоспарына сәйкес осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілген қызметтер актілерін бөлімге ұсынады.

13. Бөлім ай сайын құжаттардың түсуіне қарай бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген ұсынылған құжаттарды тексереді және олар дұрыс толтырылған жағдайда жиналған құжаттарды басқармаға, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) ветеринария бөлімдеріне қарауға және ақы төлеуге ұсынады.

14. Ұсынылған құжаттар дұрыс толтырылмаған жағдайда бөлім үш жұмыс күні ішінде олардың сәйкес келмеу себептерін негіздей отырып, ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтерді жеткізушілерге және мемлекеттік ветеринариялық ұйымдарға пысықтауға қайтарады.

Ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтерді жеткізуші және

мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар үш жұмыс күні ішінде ескертулерді ескере отырып, пысықталған құжаттарды бөлімге ұсынады.

15. Қаржы қаражатын тиісті мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың банктік шоттарына аударуды Астана және Алматы қалаларының ауыл шаруашылығы басқармалары, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің аумақтық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарының тізілімін және төлем шоттарын ұсыну жолымен жүзеге асырады.

16. Басқармалар Министрлікке ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, ал жылдың қорытындылары бойынша 2013 жылғы 25 желтоқсанныан кешіктірмей, ағымдағы нысаналы трансферттер қаражатының пайдаланылуы туралы, ал қаражат толық игерілмеген жағдайда осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес себептерін көрсете отырып есептерді ұсынады.

17. Қандай да бір облыс, Астана және Алматы қалалары бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда Министрлік заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне 2013 жылға арналған республикалық бюджетте бюджеттік бағдарламаны іске асыруға көзделген қаражат шегінде облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге арналған қаражатты қайта бөлу туралы ұсыныс енгізеді.

18. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері Министрлікке жартыжылдықтың қорытындылары бойынша 30 шілдеден кешіктірмей аралық есепті, ал жылдың қорытындылары бойынша келесі қаржы жылының 15 ақпанынан кешіктірмей ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелерге іс жүзінде қол жеткізу туралы қорытынды есепті ұсынады.

19. Министрлік Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес, нәтижелер туралы жасалған келісім негізінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне ағымдағы нысаналы трансферттердің аударылмағаны үшін жауапты болады.

20. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдері мен жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бірінші басшылары Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ағымдағы нысаналы трансферттердің ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша жасалған келісімге сәйкес пайдаланылмағаны, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмегені, алынған ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы есептің ұсынылмағаны үшін жауапты болады.

Облыстық бюджеттердің, Астана және
Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы
республикалық бюджеттен эпизоотияға
қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін
ағымдағы нысаналы трансферттерді
пайдалану қағидаларына
1-қосымша

**«_____» бюджеттік бағдарламасы
бойынша көрсетілген қызметтер
актісі**

_____ 20__ ж. «__» _____
(облыс, аудан, елді мекен)
Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын _____
(мекеме атауы)
атынан негізінде әрекет ететін _____
(Т.А.Ә., атқаратын лауазымы)
бір тараптан және бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталатын _____
(жеткізушінің толық атауы)
_____ атынан жарғы (сенімхат) негізінде
әрекет ететін _____ екінші тараптан төмендегі туралы осы
(Т.А.Ә., атқаратын лауазымы)
актіні жасады:

жеткізуші өзі және тапсырыс беруші арасында жасалған 20__ ж.
«__» _____ № _____ шартқа сәйкес (20__ ж. _____
кезеңі үшін*) мынадай сипаттамалар бойынша қызмет көрсетті:

Қызметтердің толық атауы	Қызметтердің қысқаша сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Көрсетілген қызметтердің көлемі	Бірлік бағасы, теңге	Сомасы, теңге

Көрсетілген қызметтерге наразылық жоқ (наразылық болған жағдайда атап шығыңыз) _____

Шарт сомасы _____ теңгені (сомасы жазбаша) құрайды.

1. Жеткізілген тауарлардың жалпы құны _____ теңге (сомасы жазбаша)
2. Аванс сомасы _____ теңге (сомасы жазбаша)
3. Бұрын актіленген сомалар _____ теңге (сомасы жазбаша)
4. Төленуге тиіс _____ теңге (сомасы жазбаша)

ТАРАПТАРДЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ:

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

(Т.А.Ә., қолы,
мөртаңбасының бедері)

(Т.А.Ә., қолы,

Комиссия төрағасы: _____

(қолы) (Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: _____

(қ о л ы)

(Т . А . Ә .)

(қ о л ы)

(Т . А . Ә .)

(қолы)

(Т.А.Ә.)

Ескертпе: * - біржолғы сипаттағы төлемдерді жүргізу жағдайында көрсетілмейді.

Облыстық бюджеттердің, Астана және
Алматы қалалары бюджеттерінің 2013 жылғы
республикалық бюджеттен эпизоотияға
қарсы іс-шараларды жүргізуге берілетін
ағымдағы нысаналы трансферттерді
пайдалану қағидаларына
2-қосымша

_____ облысы (астана, республикалық маңызы бар қала)
бойынша қаражатты пайдалану туралы _____ айындағы есеп

Бағдарламаның коды	Бюджеттік бағдарламаның атауы	_____ жылға нақтыланған бюджет	_____ нақты орындалғаны	Жыл аяғына дейін игерілуі тиіс	Күтілетін игеру	Күтілетін игерілмеу	_____ күтілетін орындалмау себептері
1	2	3	4	5	6	7	8

Басшы

Қ О Л Ы

Бас бухгалтер

Қ О Л Ы

М.О.